

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелудің және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетудің рұқсат беру тәртібі белгіленген тауарлар тізбесінің 2.12-бөліміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 5 қыркүйектегі № 135 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 46-бабына және үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы Хаттаманың 4 және 37-тармақтарына сәйкес (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа № 7-қосымша) Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелудің және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетудің рұқсат беру тәртібі белгіленген тауарлардың тізбесінің 2.12-бөліміне (2015 жылғы 21 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының № 30-шешіміне № 2-қосымша) қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
алқасының төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
2023 жылғы 5 қыркүйектегі
№ 135-шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелудің және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетудің рұқсат беру тәртібі белгіленген тауарлар тізбесінің 2.12-бөліміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. I тізім мынадай мазмұндағы 379¹³ – 379²³-тармақтармен толықтырылсын:

379 ¹³ . Изотонитазен		2-(5-Нитро-2-((4-(пропан-2-ил)оксифенил) метил)-1Н-бензимидазол-1-ил)-N,N-диэтилэтан-1-амин		2933 99 800 8
379 ¹⁴ . CUMYL-PEGACLO NE	заттың туындысы VzCBM-01			2933 99 800 8

379 ¹⁵ . МДМВ-4en-PINACA	заттың туындысы 2-(1-бутил-1H-индазол-3-карбоксамидо) сірке қышқылы			2933 99 800 8
379 ¹⁶ . метоксифенциклидин	заттың туындысы 1-Фенилциклогексиламин			2933 39 980 0
379 ¹⁷ . Дифенидин	заттың туындысы N-метил-1,2-дифенилэтиламин			2933 39 980 0
379 ¹⁸ . Клоназолам				2933 99 800 1
379 ¹⁹ . Диклазепам				2933 99 800 1
379 ²⁰ . Флубромазолам				2933 99 800 1
379 ²¹ . Брорфин				2933 39 980 0
379 ²² . Метонитазен				2933 39 980 0
379 ²³ . Эутилон	заттың туындысы FLEA			2932 99 000 0".

2. II тізім мынадай мазмұндағы 24² – 24⁴-тармақтармен толықтырылсын:

"24 ² . 4-AP			2933 39 980 0
24 ³ . 1-boc-4-AP			2933 39 980 0
24 ⁴ . Норфентанил			2933 39 980 0".